Әділет

# "Мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 10 қыркүйектегі № 732 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының ( жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесінде:

реттік нөмірі 291-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 1) "Өнеркәсіпті дамыту қоры" акционерлік қоғамы;<br>2) "ҚазАгроҚаржы" акционерлік қоғамы;<br>3) "Аграрлық несие корпорациясы" акционерлік қоғамы;<br>4) "Қазақстан тұрғын үй компаниясы" акционерлік қоғамы;<br>5) "Қызылорда" өңірлік инвестициялы | Қазақстан Республикасы, "Қант өндіруші | үнемі, "Қант өндіруші |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 291 | Басқа топтамаларға енгізілмеген кредит берудің өзге де түрлері | 64929 | республикалық меншік / коммуналдық меншік | қ орталығы" микроқаржы ұйымы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі; 6) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялары (шағын өнеркәсіп аймақтарына және агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізуге, қант өндіруші кәсіпорындарға қант қызылшасын өңдеу үшін айналым қаражатын толықтыруға кредит беру мақсатында) | кәсіпорындарға қант қызылшасын өңдеу үшін айналым қаражатын толықтыруға кредит беру" бағыты бойынша – Жамбыл, Алматы, Жетісу облыстары | кәсіпорындарға қант қызылшасын өңдеу үшін айналым қаражатын толықтыруға кредит беру" бағыты бойынша – 2028 жылға дейін |

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *О. Бектенов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК